

Құрылыс мерзімін 1 ұзарту жөніндегі құжаттар тізбесі	
№ р/с	Құжат атауы/Тексеру критерийінің атауы
1.	Еркін нысанда жасалған жоба бойынша құрылыс мерзімін ұзарту қажеттігі туралы негіздемесі бар хат;
2.	Құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның басшылары қол қойған және олардың мөрлерімен (бар болса) куәландырылған, сондай-ақ сұратылған ұзарту ескеріліп xls/xlsx/xlsm форматында электрондық түрде, Қоғамға жүгінгенге дейінгі айдың соңғы күніне жоспарланған және нақты сатылымдар көрсетілген Сату жоспары мен нақты жұмсалған шығындар есепке алынған, құрылыс жобасы бойынша жобалау шығындарының жоспары;
3.	Қолданыстағы мердігерлік шартқа қосымша келісімнің жобасы не қосымшалармен жаңа мердігерлік шарттың жобасы және бұрын жасалған шартты бұзу туралы келісімнің жобасы;
4.	Құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның басшылары қол қойған және олардың мөрлерімен (бар болса), сондай-ақ электрондық түрде расталған артта қалу мерзімдерін қысқарту жөніндегі іс-шаралар жоспары;
5.	Құрылыс салушының және уәкілетті компанияның соңғы есепті кезеңге (тоқсанға, жартыжылдыққа, жылға) арналған қаржылық есептілігі, құрылыс салушының және уәкілетті компанияның қаржылық есептілігі баптарының толық жазылуымен, құрылыс салушының және уәкілетті компанияның басшысы/бас бухгалтері қол қойған және құрылыс салушының және уәкілетті компанияның (қажет болған жағдайда) қолданыстағы қарыз/қаржылық көмек шарттарын қоса бере отырып, өтеу кестелерімен және нысаналы мақсатын көрсете отырып, мөрмен (бар болса) расталған (өтеу мерзімін ұзарту шартымен үйді пайдалануға бергеннен кейін 6-12 айдан ерте емес), бас компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі немесе құрылыс салушының аффилиирленген компанияларының/уәкілетті компанияның қаржылық есептілігі (қажет болған жағдайда), құрылыс салушының есеп шотынан үзінді көшірмелер (егер ол бас мердігер болып табылса) және уәкілетті компанияның құрылыс басталғаннан бергі кезеңдегі қаржылық есептілігі
6.	Құрылыс салушының және уәкілетті компанияның бірінші кредиттік бюродан (БКБ) деректерді түсіруге келісімі
7.	Төлем мерзімі бар кредиторлық және дебиторлық берешектің мөлшері бойынша уәкілетті компанияның және бас мердігердің контрагенттерін тексеріп, төлемді не төлем шарттарын растайтын төлем құжаттарын қоса тіркеп, қалдық жұмыстардың көлемі мен

	Құрылыс материалдарын сатып алу жоспары бойынша инжинирингтік компания растаған ақпаратты;
8.	Түсімдер сомасы мен кестесін және дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып, пәтерлер (оның ішінде бөлмелер бөлінісінде), коммерциялық орынжайлар мен тұрақ орындарын сату бойынша егжей-тегжейлі ақпарат
9.	Дебиторлық берешекті қайтару мерзімдері бойынша ақпарат
10.	Уәкілетті компания бойынша салық төлеуші кабинетінен тіркеу деректері
11.	ЕДБ-мен Компания тарапынан уәкілетті компанияның шотын қосымша қарау туралы келісім/келісім хаты және/немесе уәкілетті компанияның Қоғаммен келісілген мерзімде осындай келісім жасасу туралы жазбаша міндеттемесі
12.	Кепілді жағдай туындаған жағдайда, уәкілетті компанияның акцияларын/қатысу үлесін қоғамға сенімгерлік басқаруға беру актісіне қол қоюға нотариалды куәландырылған келісім;
13.	Құрылыс салушы (қажет болған жағдайда) мен уәкілетті компанияның кредиторлық берешегін ұзарту туралы құжаттар, оның ішінде байланысты тараптар алдындағы;
14.	Есептерді ұсыну мерзімі үшінші ұзарту аяқталғаннан кешіктірмей (не күнтізбелік үш айдан аспайтын) тәуелсіз ұйымдармен техникалық және қаржылық аудиттер жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар